

КинЭу

BILIM BOSTANDYK ORKENDEU

ISSN 1684-9310

научно-
производственный
журнал

НАУКА

1 март
2015

2015 ж., наурыз, № 1
№ 1, март 2015 г.

Жылына төрт рет шығады
Выходит 4 раза в год

М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінің ғылыми-өндірістік журналы.

Многопрофильный научно-производственный журнал Костанайского инженерно-экономического университета им. М. Дулатова

Меншік иесі:

М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті.

Собственник (Учредитель):

Костанайский инженерно-экономический университет им. М. Дулатова

Журнал 2001 ж. бастап шығады 26.06.2001 ж. Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат Министрлігінде тіркелген № 2086-Ж куәлігі.

Журнал выходит с 2001 г. Зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан свидетельства о регистрации издания за № 2086-Ж от 26.06.2001г.

Мнение авторов не всегда отражает точку зрения редакции. Рукописи не рецензируются и не возвращаются. За достоверность предоставленных материалов ответственность несет автор. При перепечатке материалов ссылка на журнал обязательна. Редакция оставляет за собой право на отклонение публикации статей не соответствующих установленным требованиям без объяснения причин.

Согласно договора № 65 от 16 августа 2011 года представлением сведения об импакт-факторе за 2010 год журнал «Наука», по данным Казахстанской базы цитирования АО Национальный центр Научно-технической информации РК имеет импакт-фактор, равный 0,005.

ISSN 1684-9310

© М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті
© Костанайский инженерно-экономический университет им. М. Дулатова

Главный редактор
ИСМУРАТОВ С.Б., д.э.н.,
профессор, академик МААО
(г. Костанай)

Заместитель гл. редактора
МУРАТОВ А.А., к.с.-х.н.,
доцент, чл. корр. МААО
(г. Костанай)

Члены редколлегии:
АСТАФЬЕВ В.Л., д.т.н.,
профессор, академик,
член-корр. КАСХН
(г. Костанай)
БАЙМУХАМЕДОВ М.Ф., д.т.н.,
профессор (г. Костанай)
ВАШАКИДЗЕ А.А., д.т.н.,
профессор (г. Тбилиси)
ГОРШКОВ Ю.Г., д.т.н.,
профессор (г. Челябинск)
ДЕЙНЕГА В.В., к.т.н.,
профессор, академик МААО
(г. Костанай)
ЖУНУСОВ Б.Г., д.э.н.,
профессор (г. Кокшетау)
КЕНДЮХ И.Г., д.э.н.,
профессор (г. Петропавловск)
КОНДРАТОВ А.Ф., д.т.н.,
профессор (г. Новосибирск)
ЛАЗАРЕНКО В.Н., д.с.-х.н.,
профессор, академик МААО
(г. Троицк)
ПИОНТКОВСКИЙ В.И., д.в.н.,
профессор, академик МААО (г.
Костанай)
САЛАМАТОВ А.А., д.п.н.,
доцент, (г. Челябинск)
САТУБАЛДИН С.С., д.э.н.,
профессор, академик НАН РК
(г. Алматы)
СТЕЛЬМАХ В.В., к.мед.н.,
главный врач Костанайской
областной больницы
(г. Костанай)
ТРИФОНОВА М.Ф., д.с.-х.н.,
профессор, академик МААО
(г. Москва)
ШАЯХМЕТОВ Б.Д., д.э.н.,
профессор, академик МААО
(г. Костанай)

№ 1 (53)

СОДЕРЖАНИЕ

2015

**БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ И НАУКИ ПО ТЕХНОЛОГИИ ПРОИЗВОДСТВА
И ПЕРЕРАБОТКИ ПРОДУКЦИИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО
ПРОИЗВОДСТВА**

- Онгарбаева Н., Нургожина Ж.К.** Қазақстанда өндірілетін тритикале дақпылының наубайханалық қабілетін зерттеу..... 5
Онгарбаева Н. Нургожина Ж. К. Кішігірім диірменде бидайдан сұрыптық ұн тартуда жармалық өнімдердің пайда болу үрдісін қарастыру..... 7
Кехтер И. В. Анализ сроков хранения творога в зависимости от упаковки..... 12

ОБЩЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ

- Кульбаева М.М.** Махамбет қолданысындағы көріктеу құралдарының қолданысы 16
Испандиярова А.Т. Көркем прозада ұлттық танымның берілуі..... 18
Абылбекова Б.Т. Фразеологизмдердің құрылымдық тұрақтылығы мен мағыналық сипаты..... 21
Товбин К.М. Религиозная гальванизация как постсекуляризация..... 24

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

- Vazarbekova D** Cognitive styles as a basis for student-centered learning a language... 29
Байспай Г.Б. Ғылыми білім беру кәсібін басқарудың ақпараттық жүйесі..... 34
Игембаева А.Е., Рахимова А. Инженерная педагогика – основа профессиональной подготовки инженеров..... 38
Себряева Н.С. Организация процесса обучения физической и коллоидной химии на основе кейс-метода 42
Себряева Н.С. Самостоятельная работа как основа повышения качества профессиональной подготовки студентов..... 47
Ельчибекова А.А., Салжанова А.С., Курманова А.Ф. Квантово-химические исследования протолитической способности этилендиамина..... 51
Тенчурина Л.З. О проблемах профессионального образования и трудоустройства молодежи в малых городах..... 56
Постоян Т.Г. Содержательно-целевой аспект организации научно-образовательного центра подготовки кадров в структуре виноградарского кластера..... 59
Нурсейтова А. А. Көркем шығармалардағы мақал-мәтелдер лексикасының өзгерістері (а.байтұрсынов шығармалары бойынша)..... 63
Чернявская О.М., Мадин В.А. Электронные ресурсы как средства обучения инновационной образовательной среды..... 66
Мукашева Р.А. С. Мұқанов прозасындағы эпитеттердің қолданылу ерекшеліктері..... 69
Сарманова Ф.Т. Жарнама тілі саласы қазақ тілінде жаңа сала деп қарастыруға болады..... 72
Гладкова В. Н. Профессиональное самосовершенствование руководящего состава высших учебных заведений..... 74
Долженков О.А. Изучение юридических аспектов управления образовательным учреждением в структуре формирования правовой компетентности менеджеров образования..... 78
Бакенова М.Б. Дидактика e-learning: разработка дидактического дизайна..... 83
Шаматова Б.А. Халықтық педагогика – тәрбиенің қайнар бұлағы..... 87
Жақыпова Ғ.М., Иманалиева Б.К., Оқапова М.И. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту..... 90

негізгі қызметтірінің бірі болып табылады. Біздің де негізгі мақсатымыздың қатарына - қазақ тілінің осы қызметін, сол қызметті атқара алуға мүмкіндігін Т.Әбдіков шығармаларының тілі негізінде ашып көрсету. Осы жағынан келгенде, Т.Әбдіковтің көркем мәтіндерінде қазақ ұлтының мәдени құндылықтары негізінде ұғындырылып, былайша айтқанда, мәдени қарым-қатынастың ұйтқысы бола алады.

Дүниетанымдық ұлттық лексикаға байланысты екендігі бір ерекшелік - олардың көркем шығарма тілінің көркемдік менін ашудағы орнында. Ұлт тілінде жазылған көркем шығарма тілінің көркемдігі сол ұлт тіліндегі лексикалық байлықты барынша және орынды қолданудың негізінде ғана көркемдік талапқа сай, әсерлі болуы көркем шығарма тілінен алынған нақты мысалдармен дәлелденді. Осы тұрғыдан, дүниетанымдық лексика көркемдік мәнді ажарлап тұратын ұлттың ойлау ерекшелігін жеткізетін көркем тілдік элемент ретінде анықталды.

Қолданылған әдебиеттер

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. - М.: «Прогресс», 2000. - 400 с.
2. Әбдіқұлы Т. Әке. Повестер мен әңгімелер. - Алматы: «Қайнар», 2005. - 384 б.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН МАҒЫНАЛЫҚ СИПАТЫ

Абиљебекова Б.Т.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

*Тілдік даярлау орталығының
аға оқытушысы*

Бұл мақалада тіл біліміндегі фразеологизмдердің пайда болуы мен мағыналық түрлері қарастырылған. Автор фразеологизмдердің мағыналық ерекшеліктерін нақты, дәлелді мысалдармен ашып көрсеткен.

В статье на основе анализа обширного лингвистического материала рассматривается этимология и семантические разновидности фразеологизмов.

In the article the etymology and semantic varieties of phraseology based on extensive analysis of the linguistic material is considered.

Тіл ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық құбылыс. Бір тіл-бір ұлт. Кез-келген халықтың ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады, халық даналығы, дүниетаным көзқарасы тілінде түйінделеді. Тіл қазынасына жататын көкейге қонымды, бейнелі, алуан түрлі тұрақты тіркестер, олардың тілдік табиғаты, заңдылықтары, құрылымдық ерекшеліктері әлемдік тілдердің көпшілігінде зерттелін келе жатқаны белгілі. Себебі, олардың шығу төркіні, көнеленуі, мағыналық құрылымы, тұлғасы жағынан және стильдік тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері бар. Тіл арқылы қатынас жасау процесінде сөздер, әдетте, жеке дара күйінде емес, бір-бірімен тіркесіп қолданылады. Сөздердің тілдің грамматикалық заңдарына орайласып, емін-еркін тіркесуінен синтаксистік единицалар – еркін сөз тіркесі мен сөйлемдер жасалады. Сөздердің жалпы тіркесі және синтаксистік сөз тіркесі сөздердің бір-бірімен емін-еркін тіркесуінен жасалады. Бірақ, сөздер бір-бірімен жапатармағай тіркесе бермейді, мағыналарының үйлесімділігі болғанда ғана тіркесіп жұмсалады. Мағыналық үйлесімділік сөздердің бір-бірімен семантикалық жақтан үйлесуге бейімділігі дегенді білдіреді. Еркін сөз тіркесінде оны құрастырушы сыңарлар мағыналық үйлесімділік шеңберінде басқа сыңарлармен ауыса алады. Мысалы, *оқушымен сөйлесу – мұғаліммен сөйлесу, оқушымен әңгімелесу –*

мұғаліммен әңгімелесу.

Сөздердің еркін тіркесіне сырттай ұқсас, бірақ іштей, яғни тілдік табиғаты жағынан, оған қарама-қарсы қойылатын *оймақ ауыз, жүрек жұтқан, жүрегі тас төбесіне шығу, ат-тонын ала қашу, ер қашты болу тәрізді тіркестер бар*. Бұлар құрамы жағынан тұрақты болып келеді де, бүтіндей оралым бұрыннан тіркескен дағдылы қалпын сақтайды, сыңарлары «ешкімнің еркіне көнбей», «өзінен-өзі тіркесіп қойған» тәрізді болып ұғынылады. Мұндай тіркестер сөздердің еркін тіркесіне қарсы қойылып, *сөздердің еріксіз тіркесі* немесе *фразеологиялық оралым* деп аталады.

Фразеология термині (грек. *phrasis* сөйлемше және *logos* сөз, ілім сөздерінен шыққан) қазіргі тіл білімінде екі мағынада қолданылады. Бірінші, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін саласы, екінші, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің жиынтығы дегенді білдіреді. Осы күнгі тіл білімінде фразеологизм деген ұғым кең мағынада қолданылады. 1990 жылы шыққан «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» фразеологизмге мынадай анықтама берілген: «Фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркесі мен сөйлемшелер». Осы анықтамаға қарағанда фразеологизмдерге кең мағынада тілдегі мағына бірлігін сақтаған тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрі де жатады. Олар тұрақты сөз тіркестерінің түрлері номинативтік бірліктер, ресми іс құжаттарындағы даяр сөз орамдары түрінде болуы мүмкін.

Фразеологизмдердің осы айтылған түрлерінің құрылымдық, мағыналық, қолданымдық сипаты, лексикологияға қатысы бірыңғай емес. Сондықтан, тәжірибе жүзінде фразеологизмдер тар және кең мағынада қарастырылады. Бұлайша бөліп қарастырудың мәні фразеологизмнің лексикалық бірлік ретінде танылатын атауыштық сөзбен мағыналық байланысына, сол арқылы лексикологиямен жақындасатынына негізделген.

Кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік единица, әдетте, фразеологизмдік оралым деп аталады. Олардың қатарына, мысалы, орыс тілінде *глубокая осень, глубокая печаль, волчий аппетит, перемывать косточки, сдержат слово, медвежья услуга* тәрізді тұрақты сөз тіркестері, қазақ тілінде *қас қаққанша, көзді ашып жұмғанша, қас пен көздің арасында, ит өлген жер, су жүрек* тәрізді тұрақты сөз тіркестері енеді.

Фразеология туралы еңбектерде фразеологизмдердің негізгі үш белгісі болатыны көрсетіліп жүр: мағына тұтастығы, құрылымының тұрақтылығы және қолданылу тиянақтылығы. Бұл белгілерің қатарында фразеологизмдердің бейнелілігі көрсетіміелген. Фразеологизмдердің тұтастығы жай ғана тұтастық емес, бейнелі, мәнерлі тұтастық. Бейнелік, мәнерлік фразеологизмдердің басқа белгілері сияқты маңызды белгісі болып табылады. Сөйтіп, фразеологизмдер басқа тіл бірліктерінен төрт түрлі белгі - қасиетімен ерекшеленеді :

1. Құрылым тұрақтылығы;
2. Мағына тұтастығы;
3. Даяр қалпында қолданылу тиянақтылығы;
4. Бейнелілігі, мәнерлілігі;

Фразеологизмдердің жоғарында көрсетілген белгілерін құрылымы немесе мағынасы жағынан оларға ұқсас басқа тіл бірліктерімен салыстарғанда айқын көруге болады.

Фразеологиялық оралымдардың түрлері бір-біріне әрқашан ашық айқын ажыратыла бермейді, осыған орай, оларды классификациялау тіл білімінде өте-мөте күрделі мәселе болып саналады. Тіл білімінде фразеологиялық оралымдар әр түрлі жағынан қарастырылап, осыған сәйкес, олар түрліше топтастырылып жүр.

Академик В.В.Виноградов фразеологиялық единицаларды бүтіндей фразеологизмнің біртұтас мағынасы мен оны құрастырушы сыңалардың мағыналарының

ара катысы тұрғысынан фразеологиялық тұтастық (фразеологическое сращение), фразеологиялық бірлік (фразеологическое единство) және фразеологиялық тізбек (фразеологическое сочетание) деп үш түрге бөлінеді. Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н.М. Шанский аталған классификацияны қолдай келіп, фразеологиялық оралымдардың 4-ші түрі фразеологиялық сөйлемше (фразеологическое выражение) деп есептейді.

Фразеологиялық тұтастық. Семантикалық жағынан бөлініп ажыратылмайтын, біртұтас мағынасы сыңарларының мағынасымен жуыспайтын фразеологиялық оралым фразеологиялық тұтастық деп аталады. Фразеологиялық тұтастықтың құрамындағы сыңарлар бір-бірімен біте қайнасып, өз ара тұтасып, бітісіп кетеді де бүтіндей тіркес семантикалық жақтан бөлінбейтін, біртұтас единица ретінде ұғынылады. Мысалы, *орыс тілінде во всю ивановскую, собаку съел, очертя голову, бить баклуши*, қазақ тілінде: *жүрек жалғау, жүрек жұтқан, қол құсырып* деген фразеологиялық тұтастықтардың білдіретін мағыналары осы тіркестерді құрастырушы сыңарлардың мағыналарынан келіп тұмайды, олармен мүлдем жанаспайды, байланыспайды. Кейбір фразеологиялық тұтастықтардың еркін сөз тіркестерімен омонимдес болып келуі мүмкін. Мысалы : *жұмысқа ат үсті қарауға болмайды* дегендегі ат үсті деген тіркес «жеңіл – желпі» деген мағынада фразеологиялық тұтастық болып саналады.

Фразеологиялық бірлік. Фразеологиялық оралымдардың бұл түрі де – фразеологиялық тұтастық сияқты, семантикалық жақтан бөлінбейтін, біртұтас единица. Фразеологиялық бірліктің фразеологиялық тұтастықтан айрмасы мынада: фразеологиялық тұтастықтың бір бүтін мағынасы құрастырушы сыңарлардың мағыналарымен мүлдем жанаспайтын болса, фразеологиялық бірліктің бөлінбейтін мағынасы құрастырушы сыңарлардың мағыналарының бүтіннің біртұтас келтірінді мағынасына ұласуы нәтижесінде пайда болады. Фразеологиялық бірліктің мағынасы – біртұтас образды мағына, бірақ туынды мағына. Фразеологиялық бірліктің бір бүтін мағынасы сыңарлардың лексикалық мағыналарына таралып болшектенбей, тұтас күйінде ұғынылады, образды туынды мағына ретінде танылады. Мысалы: *ауырдың үсті, жеңілдің астымен, ауыз жаласу, тілі қышу, түймедейді түйедей ету, тайға таңба басқандай, сөқырға таяқ ұстатқандай, екі езуі екі құлағына жеткендей, тамырына балта шабу* және т.б. Орыс тілінде мынадай фразеологиялық оралымдар фразеологиялық бірлік деп саналады: *выносить сор из избы (жақын адамдардың немесе шағын топтың өз арасындағы керісті, таласты жария ету), стреляный воробей («қу мүйіз, тіс қаққан, ала аяқ»), семь пятниц на неделе («өз ышемімін, көңіл-күйім өзгерте беру, құбыла беру»), плясать под чужую дудку (біреудің айтқанына көніп, айдағанына жүру).*

Фразеологиялық бірлік мағына бірлігіне негізделеді. «Мұндай фразеологиялық бірлікте сөздер жалпы образдың бірлігіне, нақты мағынаны бірлігіне бағынады». Фразеологиялық бірлікті құрастырушы сыңарлар, мысалы, *мақтамен бауыздау* деген тұрақты сөз тіркесінің *мақтамен* деген сыңары да, *бауыздау* деген сыңары да өздігінен образды мағынаға ие бола алмайды да, мұндай мағынаға бұл сөздер тіркескен күйінде, яғни бір бүтін тұрақты сөз тіркесі күйінде ғана ие болады. Бүтіндей тіркес астарлы мағынаға ие болып, оның сыңарлары (сөздер) біртұтас образды мағынаның бірлігіне бағынады.

Фразеологиялық тізбек. Фразеологиялық оралымның бұл түрі ерікті мағынасындағы сөз бен фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөздің тіркесінен жасалып, өзінің даяр қалпында, тіркескен күйінде жұмсалады. Фразеологиялық тізбектің қатарына орыс тіліндегі *щекотливый вопрос, закадычный друг*, тәрізді тұрақты сөз тіркестері мен қазақ тіліндегі *мидай дала, асқар тау, шалқар көл, тас қараңғы (немесетастай қараңғы), ата мекен, ата жау, аталы сөз, бел сала, су жаңа (судай жаңа), қыпша бел* тәрізді тұрақты сөз тіркестері енеді. Фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөздің басқа сөздермен тіркесіп жұмсалу мүмкіндігі шектеулі (шағын, аз).

Мұндай мағынадағы (Фразеологиялық байлаулы мағынадағы) сөз фразеологиялық тізбектің бір сыңары, тұрақты сыңары, ретінде жұмсалады. Мысалы, *ата* сөзі «ежелгі, ескі» деген Фразеологиялық байлаулы мағынасында тек *мекен, жау* деген сөздермен ғана тіркесіп, аталған мағынасында *ата мекен, ата жау* деген Фразеологиялық тізбектің құрамында ғана қолданылады және олардың тұрақты сыңары ретінде жұмсалады.

Фразеологиялық тізбектің құрамындағы фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөз өзімен синонимдес сөзбен ауыстырылуы мүмкін. Мысалы: *асқар тау – биік тау, мидай дала – жазық дала, қыпша бел – жіңішке бел, тас қараңғы – өте қараңғы т.б.* Фразеологиялық байлаулы мағынадағы сөз өзімен мәнделес (синонимдес) сөзбен ауыстырылғанда, еркін сөз тіркесі жасалады да, ондай тіркес фразеологиялық тізбекпен бір синонимдік қатарға енеді.

Фразеологиялық сөйлемше. Фразеологиялық оралымның бұл түрі мағынасы ерікті сөздердің тіркесінен құралады, бірақ құрамы мен қолданылуы тұрақты болып келеді. Мысалы: *Айдағаның екі ешкі, ысқырығың жер жарады; шегірткеден қорыққан егін екпес; Көрпеңе қарап қосыл; Бас білген өзiзге өк деген – өлім және т.б.* Фразеологиялық сөйлемше фразеологиялық тізбектен құрамында байлаулы мағыналы сөздің болмауы жағынан ажыратылады.

Сөз соңында тіліміздегі фразеологизмдердің, яғни, тұрақты сөз тіркестерінің әлі де болса, зерттеуді талап ететіні байқалады. Дегенмен, сөздің нәрлілігін, әуезділігін, көркемдігін, ұшқырлығын, тереңдігін, маңыздылығын осы тұрақты сөз тіркестері барлық жағынан үстемелеп, байытып, аша түседі. Тілдегі сөз тіркестерін оңтайлы, орынды, өз ісімізге, қызметімізге қолдана білсек, нұр үстіне-нұр болары анық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Аханов К. Тіл білімнің негіздері: Оқулық, 3-бас. – Алматы. «Санат», 1993-496 бет.
2. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007 - 480 бет.
3. Темирешова А.Ж. Тіл біліміне кіріспе: Оқулық. – Астана: Формат, 2008-224бет.
4. Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1997-712 б

УДК 111-141.2-130.2

РЕЛИГИОЗНАЯ ГАЛЬВАНИЗАЦИЯ КАК ПОСТСЕКУЛЯРИЗАЦИЯ

*Товбин Кирилл Михайлович кандидат философских наук, религиовед,
член Российского философского общества, доцент Южно-Сахалинского
института Российского экономического университета
им. Г.В. Плеханова (Сахалин, Россия)*

Бұл мақалада ғұрыптылық жолға заманға сай ақсүйек ділдік әкеліп соқтыратын ең негізгі себептер көрсетілген, рухтық түрлері ғұрыптық - рухты және діндік гальванизделгендігін. Дүние жүзіндегі заманға сай контурлар әлеуметтік негізгі құрылған секуляризациялау, ғұрыптық рухты және діндік сәнділікті қабылдамау мезгілі өтуде, келесі өз-өзіне кері бағытына бүгін айналды, постмодернистік тәсілмен басқа тек қана мақсат десакрализациянды брақ оны да, постдіндік біздің күндерде феноменді негізгі рухты түрінде қарастырылған.

В статье современная светская ментальность показана как одна из основных причин возникновения современных традиционалистических движений, гальванизирующих религиозные и традиционно-духовные формы духовности. Секуляризация, сформировавшая основные социальные контуры современного мира, пройдя через период модернистского отрицания религиозности и традиционной духовности, сегодня превращается в противоположность самой себе, преследующей, однако ту же десакрализационную цель,